

"Халықтың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 24 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 шілдедегі № 235 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 тамызда № 9-15-115 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Халықтың нысаналы топтарының тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 24 қаулысына (мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 9-15-99 , 2009 жылғы 12 ақпандағы "Меңдіқара үні" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

қ о с ы м ш а д а :

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Бастауыш, орта, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектері."; мынадай мазмұндағы 17, 18–тармақтармен толықтырылсын:

"17. Табысы аз адамдар қатарындағы жұмыспен қамтылғандарды және жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын адамдар.

18. Жұмыс беруші-заңды тұлғаның жойылуына немесе жұмыс беруші-жеке тұлға қызметінің тоқтатылуына, жұмыскерлердің саны немесе штаты қысқаруына байланысты босатылған адамдар."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. К. Киікбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Жақыпов

КЕЛІСІЛДІ:

"Меңдіқара ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Плотникова

2009.07.29 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК